

УЫ

НИН, ЕҢБЕКШІЛЕР
К(Б)П ПЕТРОПАВЛ

Шығуына 33 жыл
саны 20 тыйын.

уашылық ейік

шаруашылық жағынан
ды мәселелерін жете
шешіп, жұмысқа
беріп отырмайды.

«Т» колхозында (Бу-
беру-сайлау жыйымы
жармасының жұмысы
сыналды. Колхозшы
басқарма мүшелерінің,
сель Волковтың шар-
стүрт басшылық жаса-
на алды.

йымдық шаруашылық
нығайту үшін облысы
міншіліктер бар және
жылдан-жылға мола

ауыл шаруашылығы
үшін машина паркін
жылдан жылға жаңа
ғырып отырғанын айт-
ылық дәлел бола ала-

ірі шаруашылық бол-
ақтылы басшылық жа-
рлы түрде жүргізуде,
п отырған техника кү-
сінде мейлінше тиімді
үшін сол техниканы
ағыз мамандарды тәр-
олхозды басқарудың де-

1952 жылы колхоздар мен совхоздарда қойдан жүнді көп алу және қой қырқу жөніндегі шаралар туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі «1952 жылы колхоздар мен совхоздарда қойдан жүнді көп алу және қой қырқу жөніндегі шаралар туралы» қаулы алды. Қаулыда республиканың ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктері, дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкілі, «Заготживсырьё» және басқа көптеген совет, шаруашылық орындарының жүн дайындауды арттыру және қой шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған міндеттерді қанағаттанғысыз орындап отырғандығы атап көрсетілді.

1951 жылдың қой шаруашылығын өркендету жоспары орындалмады. Колхоздар мен совхоздар қойдың өлім-жітіміне, талан-таражға салынуына жол берді. Қойды тиісінше күтіп, бағу ұйымдастырылмады. Жазғы, күзгі қой қырқу мезгілінде өткізілмеді, жұмыстың сапасы төмен болды. Колхоздар мен совхоздарда жүннің талан-таражға салынуына, ұрлануына қарсы күрес жеткілікті қажырлылықпен жүргізілмеді. Мұның бәрі жүннің көп ысран болуына, жүн дайындаудың 1951 жылға арналған мемлекеттік жоспарының орындалмауына әкеліп соқты.

1951 жылы, әсіресе, Жамбыл, Гурьев, Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Талдықорған облыстарында жүн дайындау жоспарының орындалуы өте төмен болды.

Министрлер Советі мынаны ерекше атап көрсетті: ауыл шаруашылығы министрлігі (Васильковский және Маматқазин жолдастар), совхоздар министрлігі (Ивандаев және Субботин жолдастар) және олардың жергілікті орындары электр қуатымен қой қыратын қызметкерлерді (қырқушыларды, механиктерді, нұсқаушыларды) жасақтау және оларды қазіргі

Қазақ ССР Министрлер Советі ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктері, олардың жергілікті орындары, Дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкілі, «Заготживсырьё» республикалық конторы, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері, колхоздардың басқармалары, совхоздардың және көмекші шаруашылықтардың директорлары алдына мемлекеттік маңызды міндет ретінде: жүн дайындауды есәуір арттыру, қой шаруашылығын мейлінше өркендету, әсіресе, биязы жүнді және жартылай қылшық жүнді қойды тез көбейту міндетін қойып, олардан 1951 жылы қойды күту, бағу және азықтандыру жұмысында, қой қырқуды және жүн дайындауды ұйымдастыру ісінде болған кемшіліктерді жоюды. 1952 жыл қойдан жүн алу жоспарлы тапсырмаларының және мемлекетке жүн тапсыру жоспарларының әрбір колхозда, совхозда, көмекші шаруашылықта және жүн тапсырушы жеке шаруашылықтарда сөзсіз орындалуы қамтамасыз ететін шаралар қолдануды талап етті.

Ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктеріне, республиканың қой өсіретін шаруашылықтары бар министрліктерінің, ведомстволарының және кәсіпорындарының басшыларына мынадай міндеттер жүктелді:

әрбір колхозда, совхозда және көмекші шаруашылықта қысқы маусымда қойды дұрыс азықтандыру, күту және бағу ұйымдастырылсын, мұның өзі қой жүнінің жақсы өсуін және тұрақты болуын қамтамасыз ететіндей болсын;

әрбір колхоздың 1951 жылы мемлекетке тапсырылған жүні үшін өзіне бөлін-

колхоздар мен совхоздарда қырқылған жүнді дұрыс есептеп, түгел сақтау ұйымдастырылсын, мұның үшін күнбе-күн қырқып алынған жүннің түр-түріне колхоздардың тәжірибе комиссиялары мүшелерінің, совхоздардың ферма басқарушыларының, мал шаруашылығы мамандарының және шопандардың қатысуымен актілер жасалсын және бүкіл қырқылған жүннің күнбе-күн, қой қырыққан жердің өзінен тікелей заготживсырьё дайындау пункттеріне апарылуы қамтамасыз етілсін;

1952 жылдың бірінші тоқсанында колхоздардағы, ММС-тердегі, МТС-тердегі, совхоздардағы қой қыратын барлық электр агрегаттардың жөндеуі, «Сельхозснаб» және «Совхозснаб» складтарындағы электр агрегаттардың, олардың запас бөлшектерінің бұл складтардан алынуы қамтамасыз етілсін;

шопандардың әрбір бригадасында қойдың жайылымында, албарда, қотанда түскен жүн күнбе-күн жыйнап, дайындаушы ұйымдарға тапсырып отыру ұйымдастырылсын.

Министрлер Советі электр агрегаттардың бастықтарын, қой қырқушыларды, электр қуатымен қой қырқудың нұсқаушы-оңдаушыларын және қайраушыларын даярлау жоспарын бекітті. Сол сыяқты, ешкі түбітін дайындаудың 1952 жылға арналған тапсырмалары бекітілді.

Министрлер Советі дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкілі Смирнов жолдасқа және «Заготживсырьё» басқарушысы Қосынов жолдасқа мынадай міндеттер жүктелді:

1952 жылғы 1 апрельге дейін барлық жүннің алыстағы пункттерден станция және пристань маңындағы пункттерге тасып жеткізілуі және барлық склад-

қой қырқуды және мемлекетке жүн тапсыруды ұйымдастыруға көмектесу үшін көктемде қой қырқуға әзірлен және қой қырқу мезгілінде әрбір колхозға, совхозға және көмекші шаруашылыққа мал шаруашылығының мамандары және дайындау ұйымдарының қызметкерлері жіберілсін.

1952 жылғы 20 апрельге дейін колхоздардың, совхоздардың және көмекші шаруашылықтың көктемде қой қырқуға әзірлігі, ал, «Заготживсырьё» дайындау конторлары мен пункттерінің көктемде жүнді қабылдауға әзірлігі тексерілісін. Табылған кемшіліктерді жою шаралары қолданылсын.

Қазақстанның тұтынушылар одағының (председателі Царев жолдас) мынадай міндеттер жүктелді:

1952 жылдың бірінші тоқсанында сауда орындарына, жүн тапсырушыларға сауда бөлінген жем азықтың әкеліні оның колхоздарға өткізілуі қамтамасыз етілсін;

көктемде қой қырқудың басталуына дейін төменгі сауда орындарына, колхоздарға сату үшін 50.600 қырықтық, алқан, қапшықтар әкелінуі қамтамасыз етілсін;

колхоздардың мемлекетке жоспардығы тапсырған жүні үшін үкмет белгі автомашиналар 1952 жылы бірінші тоқсанда колхоздарға өткізілсін.

Министрлер Советі облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттеріне мынадай міндеттер жүктелді:

колхоздар мен совхоздарда қой қырқу және мемлекетке жүн тапсыруға әзірліктің барлығы және бұл жұмыстардың мезгілінде өткізілуі үнемі бақыланылып отырылсын;

жағынан өркендетудегі мұндай елеулі кемшіліктердің орын алу себебі—колхоз басқармалары, олардың председателдері шаруашылыққа тек бүгінгі күннің тұрғысынан ғана емес, ертеңгі күнгі, келесі жылғы міндеттер тұрғысынан басшылық жасамайды, күнделікті жұмыстың ұсақ-түйегімен көп уақыт өткізеді. Өндірісте ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін қолдануға шағы шаралар қолданбайды. Колхозшылардың мамандығын арттыру, оларды қоғамдық меншікке, еңбекке социалистік көзқараспен қарау рухында жеткілікті тәрбиелемейді. Ал, бастауыш партия ұйымдары кол-

жағынан нығайту жөніндегі мәселелер бойынша баяндамаларын жиі-жиі тыңдап, тиісті көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан үздіксіз нығайта беру, ол үшін қолда бар күш-мүмкіншілікті іске пайдалана білу, ауыл шаруашылығы еңбегін индустриялы еңбектің бір түріне айналдыру, ғылым мен озат тәжірибенің жетістіктерін колхоз өндірісіне батыл енгізу және қолдану—жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауыл шаруашылық орындарының басты міндеті.

Қазақ тіл білімі мәселелері жөніндегі айтыс

Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты өткізген қазақ тілі білімінің кейбір мәселелері жөніндегі айтыс кеше аяқталды. Айтыс 5 күнге созылды.

Айтысқа Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының, республиканың жоғары оқу орындарының тіл зерттеу кафедраларының қызметкерлері мен орта мектептердің мұғалімдері қатысты.

Республиканың тіл зерттеушілерімен бірге айтысқа мыналар қатысты: ССРО Ғылым академиясының Шығыс зерттеу институтының бөлім меңгерушісі филология ғылымының докторы, профессор Г. Д. Санжеев, ССРО Ғылым академиясының тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері филология ғылымының докторы, профессор Н. А. Баскаков, Өзбек ССР Ғылым академиясының, ССРО Ғылым академиясының Кыргыз филиалының тіл зерттеушілері, Түркменстанның, Башқұртстанның және Қарақалпақстанның ғалымдары қатысты.

Айтысқа қатысушылар мынадай баяндамаларды талқылады: «Республикада тіл зерттеу ғылымының жағдайы және міндеттері туралы» — баяндамашы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі—Н. Т. Сауранбаев, «Қазақтың әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы және қазақтың диалектологиясының мәселелері

туралы» — баяндамашы филология ғылымының кандидаты Ф. Г. Мұсабаев, «Қазақтың графикасы мен орфографиясы мәселелері туралы» — баяндамашы филология ғылымының докторы М. Б. Балақаев,

Республиканың тіл зерттеушілері, ССРО Ғылым академиясының өкілдері, туысқан республикалардың ғалымдары, Қазақстанның жоғары оқу орындары мен мектептерінің оқытушылары Сауранбаев, Мұсабаев, Балақаев жолдастардың баяндамаларын талқылауға белсене қатысты. Жарыс-сөзде 45 дам сөйледі. Айтыстың қорытындысында Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының директоры А. И. Исқақов жолдас сөз сөйледі.

Айтыс республиканың кейбір тіл зерттеушілерінің маршылдық қателерінің бетін ашты, Қазақстанның тіл білімі ғылымындағы кемшіліктерді атап көрсетті, қазақтың графикасы мен орфографиясындағы кемшіліктерді жою жөнінде республиканың тіл зерттеушілеріне аса зор көмек көрсетті, қазақ тілінің орфографиялық ережелері жыйнағының жобасын талқылады. Бұл жобаны Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институты республиканың қоғам жұртшылығының кеңінен талқылауына ұсынады.

Айтыста Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары М. А. Сужиков жолдас болды. (ҚазТАГ).

ның көмегіне әкеліп соғалы.

Дайындау министрлігінің Қазақ ССР-індегі өкілі Смирнов жолдас, «Заготживсырьё» республикалық конторының басқарушысы Қосынов жолдас, Дайындау министрлігінің көптеген облыстық конторларының басқарушылары отарлы мал шаруашылығы аудандарында жүн дайындауды «колхоздардан және жеке жүн тапсырушылардан жүн қабылдауды қана қаттанғысыз ұйымдастырды, мемлекетке жүн тапсыру жоспарларын әрбір шаруашылықта орындау ісінде мемлекеттік тәртіпті бұлжытпай сақтау үшін жеткілікті күрес жүргізбеді. Колхоздардың және жүн тапсырушы жеке шаруашылықтардың жоспардан тыс жүн тапсыруын ұйымдастыруға жеткілікті шаралар қолданбады.

Колхоздар мен совхоздарда жүн дайындау жайылың мұндай мүлде қанағаттанғысыз болуының, қойдан жүннің аз алынуының басты себебі: жергілікті совет, ауылшаруашылық және дайындау орындарының басшылары, колхоздардың басқармалары, совхоздардың, МТС-тердің және ММС-тердің директорлары бұл бағалы шикізатты дайындауды, оны мұнан әрі арттыруды жете бағаламады.

Көптеген облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттері жүн дайындауға қанағаттанғысыз басшылық етеді, ауылшаруашылық және дайындау орындарының қызметкерлеріне, колхоз басқармаларының председателдеріне және совхоздардың директорларына қойдал жүнді көп алуды және жүн дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындауды көздейтін қатаң талаптар қоймады.

Ақын шығармаларын басып шығару

Совет өкметі жылдарында А.С. Пушкиннің шығармалары 60 миллионнан астам тиражбен 1626 рет басылып шығарылды. Данышпан ақынның шығармалары 80 тілге аударылды.

Оның жекелеген кітаптары бірнеше рет қайтадан басылды.

(СОТА).

парлары, көктемде қой қыркуды бастаудың және аяқтаудың календарлық мерзімдері 1952 жылғы 1 марттан қалдырмай әрбір колхоз бен совхозға, көмекші шаруашылыққа, қой фермасына және шопандар бригадаларына, сол сыяқты, МТС-тер мен ММС-терге жеткізіліп, көктемде қой қырку әрбір шаруашылықта 10—12 күннің ішінде аяқталатын болсын. Қой қыратын орындар мезгілінде әзірленіп жабықталсын, әрбір колхоз бен совхозда қой отарларын қыркуға айдал ежелу графигі бекітілсін. Колхоздар мен совхоздарда қой көп деңдеде бір-екі пунктте қырылатын болсын;

көктемде қой қыркуға жеткілікті мөлшерде қырықтықшылар бөлінсін, барлық қойды қырып болғанға дейін олардың басқа жұмыстарға ауыстырылуына жол берілмесін;

қойдың шоғайналы, ошағанды жайылымдарда, сол сыяқты, қамысты және бұталы жерлерде бағылуына жол берілмесін;

қырқар алдынан қой жүннің шоғайнадан, ошағаннан және басқа лас есімдіктен міндетті түрде тазартылуы қамтамасыз етілсін;

сол сыяқты, тазартылған және жартылай тазартылған жүн алу үшін, барлық қылышты жүнді қойларды өзен, көлдерде және ванналарда тоғыту ұйымдастырылсын;

қойды толық және сапалы етіп қырку мақсатымен колхоздардың басқармаларына және совхоздардың директорларына қырылған қойды күнбе күн қабылдап отыру және қой қырықтықшыларының еңбекақысына алынған жүннің санына және қой қыркудың сапасына қарай төлеу міндет етілсін;

Бағалы малазықты

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Малазықтық қарбыз мал үшін аса құнарлы бағалы азық. Басқа бақша дақылдарымен салыстырғанда, бұл қарбыз топырақ таңдамайды, қуаншылыққа төзімді келеді, аса мол өнім береді. Өткен жылы «Қазақ ССР-нің 15 жылдығы» совхозы 85 гектар жерге малазықтық қарбыз еккен болатын. Қарбыз көктемгі зябь жыртылған жерге,

дайындау маман кү және қол сына дүі гапсегрупп күнбе -к көктем «Заготжив және өн дандық дайындау қызметке даярланс

дайын жүннің гел сақт дағанда басқа со жүннің месін. Үі тапсырат ген қал сол қал хозларме жүн қаб латын б жыл тапсыра дің өзін кейіннег пунктте нелтілет Ауыл министр нің Қаз живсыры міндетте болхо адам ж даярлау етілсін;

көбінесе 26 гекта болатын на қара нан 150 Ақтөб көктемд қарбыз

Ойдағыдай әзірлік—мол өнімнің негізі

Егіннен мол өнім аламыз



Біз үстіміздегі жылы егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуды алдымызға негізгі міндет етіп қойып отырмыз. Бітік егін өсіру көктемгі егіске күні бұрын тыңғылықты әзірлік жүргізуге, сөйтіп, оны қысқа мерзімде агротехникалық ережелерге сай өткізуге байланысты екенін совхоз егіншілері жақсы біледі. Сондықтан да олар өткен жылдың күзнен мол өнімнің негізін қалау жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Совхозда күзгі маусымда 10808 гектар жер лайындалды. Бұл бізге дәнді дақылдардың басым көпшілігін даяр жерге себуге, көктемгі егісті ең қысқа мерзімде аяқтауымызға мүмкіндік береді. Осындай ішкі күш-мүмкіншілікті есептей келіп, біз көктемгі егісті 10 күн ішінде толық аяқтауды көздеп отырмыз.

Көктемгі егіске тұқым және тың жер әзірлеумен ас бітпейді. Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру үшін қысқы агрономиялық шараларды мінсіз жүзеге асыру қажет. Яғни егістік алаңдарға қар тоқтату, оларды тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстарын үздіксіз және сапалы жүргізу керек. Егіншілеріміз жұмыстың бұл учасында да жанамай еңбек етіп жүр. Аталған жұмыстарда арнаулы адамдар күзгі-қысқы маусымнан бері еңбек етіп келеді. Үш трактор қар жыртқышы мезгіл-мезгіл бірнеше гектар егістік алаңға қар тоқтатады. Осының нәтижесінде көзгірдің өзінде 5291 гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Сол сияқты, 716 тонна көң, күс саңырағы, күл және тағы басқа жерімікті тыңайтқыштар жыйналып, олар түгел егіс даласына жеткізілді.

Бітік егін өсірудің ендігі бір негізгі шарты—тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді ойдағыдай ұйымдастыру

дайындап, оларды түгелдей дерлік мастерскойларға жеткіздік. Бұл—жұмысты уақытылы бастауға, оны алғашқы күннен бастап тез және сапалы жүргізуге мүмкіндік берді. Мұнымен бірге, совхоз механизаторлары науқанның алғашқы күндерінен бастап, тракторлар мен тіркеу саймандарын тез және сапалы жөндеу жөнінде өзара социалистік жарысқа түсті де, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Осының нәтижесінде совхоздың жөндеу мастерскойларында жаннай еңбек өрлеуі туып, әрбір жөндеуші механизатор сменалық тапсырманы күн сайын мінсіз орындап отыруға жетісті.

Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудің январь айына тағайындалған жоспары да совхозда ойдағыдай орындалды. Біздің қазір алға қойып отырған негізгі мақсатымыз—жөндеу жұмысын февраль айында толық аяқтау.

Жөндеу жұмысында жекелеген механизаторлар үздік еңбек етіп жүр. Мәселен, № 1 бөлімшенің тракторшылары Гриценко, Боварис жолдастар күндік жұмыс нормаларын ұдайы 200 проценттен орындап жүр. Тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде атақты комбайншы И. Шейко жолдас та естахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Ол өте жауапты жұмыс атқарады. Яғни ол бақылаушы—механик. Ол жөндеген әрбір детальдің ақаусыз болуына жете көңіл бөледі. Өзі тексерген бөлшектерден ол бірде-бір ақау жіберіп қорған емес. Мұндай озат жөндеуші механизаторлар совхозда көптен саналады.

Совхоз коллективі барлық күш-мүмкіншілікті бісе түгел қосып, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын мезгілінде және сапалы аяқтайды да, үстіміздегі жылы өсініп баратын маусымның

Монгол Халық Республикасы Министрлер Советінің Маршал Чойбалсанды мәңгі есте қалдыру жөніндегі қаулысы

УЛАН-БАТОР, 14 февраль. (СОТА). Монгол Халық Республикасының Министрлер Советі монгол халқының қайтыс болған көсемі, Монгол Халық Республикасының премьер-министрі маршал Чойбалсанды мәңгі есте қалдыру туралы қаулы қабылдады.

Улан-Батор және Алтан-Булак қалаларында, Булган аймағының орталығы—Булган поселкесінде және Чойбалсан аймағының Чойбалсан қаласында маршал Чойбалсанға ескерткіштер орнатуға қаулы алынды.

Министрлер Советі монгол руднигіне, Монгол Халық-Революциялық армиясының алтыншы моторлы-механикаландырылған бригадасына, Улан-Батордың үшінші хоронына (Хорон—қалалық аудан ред.), республикалық пионер лагеріне, Булган мемлекеттік ипаруашылығына Чойбалсан есімін берді.

Улан-Батор қаласындағы университет көшесі Чойбалсан көшесі деп аталатын болады.

Марқұм маршал Чойбалсанның өмірімен және қызметімен тікелей байланысты болған үйлердің қабырғаларына ескерткіш такталар қоюға, Улан-Баторда маршал Чойбалсанның өмірі мен қызметін көрсететін музей ашуға, екі жылдың ішінде маршал Чойбалсанның баяндамалары, сөздері және мақалаларының толық жыйнағын басып шығаруға, маршал Чойбалсан туралы еске түсірулердің жыйнағын дайындауға және басып шығаруға, үстіміздегі жылы Чойбалсанның өмірі мен қызметіне арналған суретті жыйнақ дайындауға және басып шығаруға, маршал Чойбалсанға ескерткіш ретінде почта маркаларының сериясын шығаруға қаулы алынды.

Мемлекеттік мұғалімдер институтының

сейту
інсін

ы
ығын көр
с алға тұр

м бөлімшесі
құрылыс диа
дний, қала
і менгеруші
слова, көгал
аталов, үй
ишева жол
ықын транс
лерді күрде
өткізуде, қа
кездескен
айта келіп,
нде жойы
ақтылы ша
алық Совет
ның жөндеу
дық шаруа
жабайы

н салынған
емшіліктер
үйлердің
малық Со
жыл ішін
түп ағаш
де-біреуін
ағаштар
ықты қат
келешекте
не қаланы
усыныс

иісті қа
мі предсе
сарлығына
ады, қала
машыны

Соколов МТС-де тракторларды тораптық әдіспен жөндеу тыңғылықты жүргізіліп келеді. Мұнда әрбір тракторшы өзіне бекітіліп берілген жөндеу жұмысын жоғары сапалы атқару жолында қажырлы еңбек етіп жүр.

СУРЕТТЕ: озат тракторшы А. Яковлев және И. Семенов жолдастардың мотор торабында мотор жөндеп жатқан кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жауапсыздықтың салдары

Полудень ауданының колхоздарында тұқым тазалау және сорттау жұмыстары өте баяу жүргізіліп келеді.

Құйылған тұқымды егістік сапаға жеткізе тазалау, әсіресе, Сталин атындағы колхозда нашар ұйымдастырылған Мун-

қыланатын мәселенің дұрыс шешіліп, қатымы қаулы алынуын қамтамасыз етіп жүр.

Мәселен, 1951 жылы ауылдық Советтің ауылшаруашылық жөніндегі тұты комиссиясы көктемгі егістің қысын, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі ұшжылдық жоспардың және мал шаруашылығының басқа да салалары бойынша республикалық, социа-

лалық, қайдалануға берілді. Көзір, Еңбекшілер ауылдық Советінің депутаттары мен активтері өздерінің барлық ұйымдастырушылық жұмыстарын мал қызметінің ойдағыдай аяқталуына, көктемгі егіске әзірліктің тынғылықты ұйымдастырылуына бағыттап жүр. Сондай-ақ, халық қызметшісі — депутаттар бір жыл ішінде сайлаушылар алдында 3—4 реттен есеп берді.

Р. ОРАЗАЛИНА,
Облыстық Совет атқисмінің нұсқаушысы.

Мәдени-ағарту жұмыстарына көңіл бөлінбеген жерде

Еңбекшілер бұқарасы арасында саяси-ағарту және түсінік жұмыстарын өрістетуге, ауыл-село еңбекшілерінің білімі мен мәдениет дәрежесін көтеруге сайын көтеру ісінде жергілікті мәдениет мекемелерінің атқаратын ролы зор. Әресе, клубтар, оқу үйлері, радиопанталары ауыл-селолық жердегі мәдениет орталығы. Сондықтан да олардың жұмысын бүгінгі талаптарға сай ету керек.

Мәдениет, Ленин ауданындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы осы талаптарға қанағаттануға берерліктей дәрежеде ұйым беріліп отыр ма? Жоқ. Ең алдымен, клубтардың партия, совет ұйымдары тарапынан мәдени-ағарту жұмысына жетекшілік бөлінбейді. Шынында аудан еңбекшілерінің үгіт-бұқаралық жұмыспен ойдағыдай қамтуға мүмкіншілік жеткілікті. Бірақ, клубтардың көпшілігінде жүргізіліп жатқан жұмыс іс жоқ. Колхоздардағы 9 клубтың жылдық бойынша ешбір жөндеуден өтпегендіктен колхозшылардың мәдениетті дем алу орталығы болудан қал-

ды. Мәдениет, осындай кемшіліктер Ленин ауданында мәдениет-ағарту жұмыстарының төмен дәрежеде болуына әкеліп соқты. Бұл — негізінен аудандық партия, совет ұйымдарының кінәсі. Өйткені, олар мәдени-ағарту мекемелеріне күнбе-күн көмектесіп, үгіт-көпшілік жұмысын өрістетуге қажеттілік жасамайды.

жартылай сынған, ал, екіншісінің күзде астық үйілуі себепті идені қайысып, төмен түскен, тақтайлары сынған. Егер аталған колхоздардың басшылары мен селолық Советтер шындықта қолға алса, азғана жөндеуден кейін ол клубтарды қатарға қосуға болады. Амал не, оны ойлап отырған не колхоз, не аудан басшылары жоқ. Осының ақыры бұрын жұмыс істеп келген көркемөнерпаздар үйірмелерінің таратылуына, бірлесіп газет оқу, шахмат ойнау сияқты жұмыстардың тоқтатылуына әкеліп соқты.

Аудан басшылары өздерінің көз алдындағы — аудан орталығындағы мәдениет үйінің жұмысын жолға қоюға да көңіл бөлмей отыр. Бұл үй жөндеуден де өткізілмеген, оның бірде-бір есігі жабылмайды, анырайған санылаулардан жел саулап тұрады.

Міне, осындай кемшіліктер Ленин ауданында мәдениет-ағарту жұмыстарының төмен дәрежеде болуына әкеліп соқты. Бұл — негізінен аудандық партия, совет ұйымдарының кінәсі. Өйткені, олар мәдени-ағарту мекемелеріне күнбе-күн көмектесіп, үгіт-көпшілік жұмысын өрістетуге қажеттілік жасамайды.

И. КОЛОСОВ,
ҚН(Б)П обкомінің нұсқаушысы.

Механизатор кадрлар даярлаудың жаңы Вильяме атындағы МТС-те де жамап

В. СОКОЛОВ.

Көктемгі егіске әзірлікті шұғыл жақсарту керек

(Тілші хаттарына шолу)

Бітік егін өз-өзінен өспейді. Оны күшпен, қажырлы еңбекпен жеңіп алу керек. Бұл үшін көзір, қысқы маусымда негізгі агрономиялық шараларды — егістік алаңдарға қар тоқтату және оларды тыңайтатын жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау, тұқым тазалау, сорттау, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жұмыстарын сапалы және тез жүргізу қажет.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын мінсіз жүргізіп келе жатқан шаруашылықтар аз емес. Бұл жөнінде редакцияға жер-жерден түсіп жатқан тілші хаттарына сөз берелік.

Тілшілер **К. Асылтаев** және **Б. Есалин** Октябрь ауданындағы «Қызыл ту», Жамбыл атындағы колхоздардың еліпшілері көктемгі егіске әзірлікті ойдағыдай жүргізіп жатыр деп, хабарлайды. Бұл колхоздарда көктемгі егіске қажетті тұқымдық дөңді тазалап, сорттау, егістік участоктарға қар тоқтату жедел қарқынмен атқарылып келеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Қ(Б)П Орталық Комитетінің дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі қаулысына жауап бере отырып, — деп жазады тілші **В. Лизун**, — Қалғачов атындағы колхоздың (Совет ауданы) мүшелері көктемгі егісті 10 жұмыс күні ішінде агротехникалық ережелерге сай аяқтауды, сөйтіп, үстемізді жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алуды көздеп отыр.

Ауыл-село тілшілері **З. Такиров** **М. Ребри**, Преснов ауданындағы «Баян», Жданов атындағы, «Путь к социализму» сияқты алдыңғы қатарлы колхоздарда

егін шығымдылығын арттыру жолындағы социалистік жарыс барған сайын өрістей түсуде, деп жазады. Аталған тілшілердің хабарлауына, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында «Баян» колхозында **Ж. Баймақанова** мен **Б. Наймақанова**, Жданов атындағы колхозда **Б. Майкотов**, «Путь к социализму» колхозында **М. Васильченко** сияқты колхозшылар жанаямай еңбек етіп жүр. Сол сияқты, бұл колхоздарда жұмыс малдары жақсы күтімге алынған көрінеді.

Тілшілер **П. Ережепов** және **А. Сауыт** басқарған Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозында ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу, көктемгі маусымда егістік алаңдарды өңдейтін жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау, оларды егіске басына жеткізу жұмыстарының үздіксіз жүргізіліп келе жатқандығын айтып, хат жазды.

Совет астық совхозы (Булаев ауданы) тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуге, деп жазады тілші **Жаңыпов**, — мезгілінде және зор әзірлікпен кірісті. — Осының нәтижесінде мұнда жөндеу жұмысының күндіз және бескүндік графиктері ұдайы дәлме-дәл орындалып келеді. Жөндеу жұмысында тракторшы **М. Омаров**, **В. Устинов**, **Есмағамбетов** және **М. Дермановский** жолдастар тарапынан сменалық тапсырмаларды күн сайын артығымен орындап, станханалық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр.

Мұнымен бірге, тілші хаттарынан бірқатар шаруашылықтарда көктемгі егіске әзірлік сияқты аса маңызды науданның өте баулы ұйымдастырылып отырғанын да көреміз.

жұмыс олады. Алайда, ол келеді.

Мамлют ауданы.

Ленин ауданынан тілші былай деп жазады: Бали колхоз — тірленген, ауданның колхоздарының бірі. Осы мұнда егін өнімін арттыру жоқ. Мұнда, әресе, егісті қар тоқтату, жергілікті әзірлеу сияқты қысқы шаралар мүлдем көзге болжас басшылары қолда кіншілікті аталған шаралар асыруға жұмыс алмай көрсетіп келеді.

Тілші **М. Жаненовтың** қарағанда, көктемгі егіске тиярғы ауданындағы Ленин колхозда да, әресе, соңғы деп көткен.

Совет ауданынан тілшілер **С. Әбілмәжінов** және **Киров** атындағы, «Еркіндік» станының 30 жылдығы» егіншіліктің мәдениетін арттыру егін өсіру үшін еш жоқ екендігін, басқарма бұл мәселені мүлдем естен отырғанын сынап жазады, жою керек екендігін айтады.

Көктемгі егіске әзірлікті кемшіліктерге ешбір төзуге. Бұл көп найқалуды, ығра лұшнылықты көтермейді. Бұл басталар көз барған сайын келе жатқандықтан, колхоз және жергілікті партия, совет жұмыстың бұл саласындағы сындай елеулі кемшіліктерді дерісті өз дәрежесінде ұйымдастыру міндетті.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орын баспасы — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе — 1-19